

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Ахатаева Ұлсана Борашқызының «Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына) байланысы

Жоғары оқу орнының алдында болашақ мамандарды психологиялық және педагогикалық түрғыда оқу әрекетінде субъект ретінде қалыптастыру мәселесі, оларды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үшін өздігінен білім алуда, өзіндік жұмысты ұйымдастырудың белсенділіктері, олардың өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі дамытудағы ізденімпаздығы, шығармашылығы, жауапкершілігі, проблеманы көре біліп, оған шешім қабылдай білу біліктілігі алға шығады.

Осыған байланысты жоғары оқу орнында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау болып табылады. Бүгінде қоғам білім беру саласында жан-жақты дамыған тұлғаны, яғни «табысты адам» моделін қалыптастыруды қажет етеді. «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» - деп Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында баланы өздігінен ізденуге, шығармашылыққа, сынни ойлануға, зерттеу дағдыларын дамытуға үйретумен қатар, кіші жастағы оқушылардың логикасының, фантазиясының, функционалдық сауаттылығы мен танымдық қабілеттерінің артуына саралап оқыту мен зерттеуге негізделген оқуды тиімді ұйымдастырудың орны ерекше болмақ. Осы түрғыда тәжірибеде мектеп пен болашақ мамандардың арасында, олардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуды даярлаудағы әдістемелік, практикалық жағынан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігінің байқалары анық.

Сондықтан болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мәселесіне арналған Ахатаева Ұлсана Борашқызының диссертациялық жұмысы қоғамның сұранысынан, заман талабынан дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек деп есептеймін.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Ізденуші зерттеу алдына койған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында ғылыми жетістіктер деп тануға болатын бірнеше нәтижеге қол жеткізген:

1. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің теориялық негіздері айқындалған.
2. «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні нақтыланған.
3. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық еңбектерде зерттелуі айқындалған.
4. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі өзірленген.
5. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың оқу-әдістемелік кешені дайындалған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

1. Жоғары оку орнында болашақ мамандарды даярлау мәселесі зерттеуде психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар негізінде теориялық тұрғыда негізделуі *бірінші нәтиженің жаңалығын* көрсетеді.

2. *Екінші нәтижеде* болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, «зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының философиялық, психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі мәні нақтылануы **жана** болып табылады.

3. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда шетелдік және отандық, психолог, педагог, әдіскер ғалымдардың зерттеулерінің қорытынды ой-пікірлеріне сүйеніп, психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалуы *үшінші нәтиженің жаңашылдығын* дәлелдейді.

4. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштерінен түзілген, өте жоғары, жоғары, орта, төмен, өте төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, ғылыми тұрғыда негізделуі *төртінші нәтиженің жана* екендігін айқынтайтының дәлелдейді.

5. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемелік кешені даярланып: «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» атты арнайы курс бағдарламасы мен бастауыш сынып оқушыларына арналған «Зерттеу алгоритмі» атты құнделік-дәптері мен мен «Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар» атты әдістемелік құралының даярланып, тәжірибеден өтуі *бесінші нәтиженің жана* екендігін дәлелдейді.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемелік кешені: болашақ мамандарға арналған «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту»

тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы; бастауыш сынып оқушыларына арналған «Зерттеу алгоритмі» атты күнделік-дәптері мен «Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар» атты әдістемелік құралы дайындалды. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін тәжірибеде сынақтан өткізу және ендіру Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының мәжілістерінде, ғылыми семинарларда баяндалған.

Диссертацияның негізгі қағидалары нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары 9, оның ішінде: 1 мақала Scopus халықаралық ақпараттар ресурстарына кіретін журнал жарияланымында, 3 мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен басылымдардағы жарияланымда, 4 мақала Қазақстан Республикасында жарияланған халықаралық конференция материалдарында жарық көріп, 1 әдістемелік құрал баспадан шыққан.

6. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер

Жұмыстың жоғарыда аталып өткен оң нәтижелерімен қоса, оның мазмұны мен рәсімделуіне байланысты тәмендегідей ескертпелеріміз бар:

1. Жалпы жұмыстың рәсімделуінде жазбаша жұмыстың талаптары сақталған. Дегенмен де мынадай грамматикалық қателер кездеседі: артық жалғау жалғануы, әріптің қалып қоюы және компьютерге териу кезіндегі кемшіліктер.

2. Диссертацияның мазмұнында 3.3 бөлімінде зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастыруыш эксперименттік жұмыс нәтижелерінің нақты критерийлері аз келтірілген.

Дегенмен, аталған кемшіліктер жұмыстың жалпы құндылығын тәмендетпейді.

7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Сонымен, Ахатаева Ұлсанғызының «Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, дербес орындалған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес келетін жұмыс деп есептеймін. Сондықтан, оның авторына

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

Рецензент,
педагогика ғылымдарының кандидаты
«Өрлеу» БАУО АҚ филиалы «БКО
бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру»
институтының директоры

С.С.Измуханбетова

